

ӘДЕБИЕТТАНУ

XX ғасыр қазақ әдебиетінің қазіргі түрік әдебиеттануында зерттелуі

Халдун Вурал.
аға оқытушы.

Қазақ пен түрік халықтарының бірін бірі танып, рухани жағынан жақындаса бастауы, тарихи негіздеріне назар аударып, түркі әлемінде өтіп жатқан саяси-әлеуметтік мәселелерге зер сала бастауы да жиырмасыншы ғасырдың басынан басталған секілді. XX ғасырдың басы бүкіл дүние жүзінде әр алуан соғыстар мен төңкерістерге, шиеленіскен саяси оқиғаларға толы болғаны белгілі. Бұл кезде әлемді алты ғасыр бойы уысында ұстауға тырысқан Османлы империясы да әлсіреп, монархиялық биліктен бас тартып, ел тізгінін республикашыл Кемал Ататүріктің қолына тапсырған болатын. Екі халық арасындағы мәдени, әдеби байланыстар тікелей болмаса да осы кезде таным-түсінік пен пайымдаулар жағынан бір бірімен үндесіп, белгілі бір ортақ идеяның маңында топтаса бастағандай. Оған XX ғасыр басындағы түрік-қазақ зиялыларының тек бір халықтың ғана емес жалпы түркі әлемінің қамын жеп, бүкіл дүние жүзі түркілерінің басын қосу турасындағы ой-пікірлері де әсер етті.

Әр елдің әдебиетінің дамуында өзгеше із қалдыратын белгілі бір кезеңдер болады. Қазақ әдебиетінің дамып, әлемдік әдеби үрдіске үлкен үлес қосқан кезеңі XX ғасыр. Яки, қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Жиырмасыншы жүз жылдықта қазақ әдебиетінде әлем әдебиетінде бар барлық жанрлар түгелдей дерлік бой көрсетті. Қазақтың тұңғыш төл газеті мен журналы шыға бастады. Әсіресе қазақ әдебиетіндегі алғашқы шағын әңгімелер қазақ тілінің бай мүмкіндіктерін танытты. Бұл туралы Мұстафа Айгүл «XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ жазба әдебиетінің жалпы ерекшеліктері» деген мақаласында мынадай тұжырым жасайды: «XIX ғасырдың соңғы жылдарына дейін тек әңгіме мен мақала түрінде дамыған проза XX ғасырдың басында жандана бастайды. Бұл шығармалар қазақ әдебиетіндегі роман жанрының алғашқы қарлығаштары еді. Бірақ жазушылар роман өлшемдерін қатаң сақтамады, одан ауытқыды. Алғашқы прозалық шығармалар қаһармандық және ғашықтық жырларға өте ұқсас болып келетін. Ол шығармаларда проза мен поэзия элементтері араласып жүретін» деген түйінді пікір айтады [1, 73 б.]. Қазақ әдебиетінің тарихымен мұқият танса отырып, оның ішінде қазақ прозасының қалыптасу және даму кезеңдерін саралай келіп, ғалымның бұл пікірімен де келісуге тура келеді.

Қалай десек те қазақ прозасы аяқ астынан пайда бола салған құбылыс емес. Оның да өзіндік пайда болу, даму заңдылықтары бар екен. Бұл салада биік белестерге көтерілген Б. Майлин, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, М. Жұмабаев т.б. шығармалары кейінгі толқынның көркемдік дәстүрді жалғастырып, тез есеюлеріне жол ашты. XX ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ М. Дулатов, С. Көбеевтер қазақтың алғашқы романының негізін қалап үлгерді. «Шындығында Спандияр Көбеевтің алғашқы қазақ романы саналып жүрген «Қалың мал» (1913) шығармасында қазақтың ескі салт-дәстүрі мен әйел теңсіздігі қатаң сыналған» [2, 133 б.].

1916 жылғы Қазақ жерінде болған ұлт азаттық көтеріліс халық санасына бостандық пен теңдіктің терең рухын сіңіріп кетті. Халық өзгелердің қол астында болмай-ақ тәуелсіз ел ретінде өмір сүре алатынына көз жеткізді. Бұл дүрбелең кезеңде ұлттық мүддені мадақтап, ерлік пен елдікті жырлаған талай шығармалар туды. Бірақ кеңес өкіметі қазақтың көзі ашық азаматтарын бір біріне айдап салу арқылы азаттық деген идеяның күлін көкке ұшырды. Оның арты қазан төңкерісі идеяларын насихаттайтын, тап тартысын өздерінің басты ұрандарына айналдырған ақын-жазушылардың қалыптасуымен аяқталды. Ұлттық мүдде мен таптық түсінік көпке дейін тайталасып келді. Ақырында кеңес үкіметі ұлттық бағыттағы қаламгерлерді тап жауы деп айыптап қудалады, атып, асу арқылы мүлдем жойып жіберді. Бұлардың басты өкілдері ұлт үшін күрескен А. Байтұрсынов, Ш. Құдайбердиев, М. Дулатов, М. Жұмабаев, т.б. болса, кеңестік идеологияға сеген, сол жүйені қолымен орнатқан С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Сәдуақасов, т.б. да солардың артынан халық жауы ретінде атылып кетті. Бұл бір ұлт үшін үлкен трагедия еді.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің даму бағыттары мен оның көрнекті өкілдері туралы Ашур Өздемир «XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы рухани және әдеби қозғалыстар» деген мақаласында біраз нәрсенің басын ашып көрсетеді. Зерттеуші сол тұстағы қазақ қоғамында болған саяси өзгерістерді саралай келіп оның қазақ әдебиетіне тигізген әсерлерін нақты құжатты деректерге сүйене отырып салыстыра талдайды. Мақала алдынан берілген шағын анықтамалықта «Бұл мақаламызда қазақ әдебиетінің Кеңес заманындағы даму бағыттарын анықтауға, рухани қозғалыстар мен ерекше тарихи мәселелерге тоқталдық. Ол үшін әдеби процесске тікелей әсер еткен маңызды әлеуметтік және саяси оқиғалар негізге алынды. Тақырыпқа байланысты деген екінші дүние жүзілік соғыс және одан кейінгі жылдардағы әр түрлі қоғамдық, әлеуметтік, мәдени оқиғалар мен іс шаралар егжей-тегжейлі қарастырылды. Қазақстандағы Алаш қозғалысы мен біздегі (Түркиядағы) ұлттық әдебиет арасындағы ұқсастықтарға тоқталдық» деген қысқаша түсінік береді [3, 183 б.].

Үзіндіден көріп отырғанымыздай біздің түрік зерттеушілері көбінесе ұлттық бағытты ұстанған ақын-жазушыларға көбірек ден қойып, солардың

еңбектерін әрдайым жиі аударып, насихаттап отырады. Себебі ол біздің жалпы түріктік мемлекеттік идеологиямызбен сәйкес келеді, екіншіден қазақ әдебиетінде бүгінде кең етек алып отырған космополиттік көзқарас деген ұғым түрік әдебиетінде жоқтың қасы. Өйткені Түркияның мемлекеттік саясатының өзі ұлттық дәстүрлерді жетілдіруге, барлық нәрсеге тек ұлттық мүдде тұрғысынан қарауға бағытталған. Ал бұл жағынан қазақ әдебиетінде кереғар көзқарастардың тым күшті екендігін де жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан да жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті туралы сөз болғанда біздің ойымызға бірінші болып Ахмет Байтұрсынұлы, Шәкәрім Құдайбердиев, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаевтар оралады. Түрік әдебиеттанушысы Ферхат Тамир де сол ыңғаймен өзінің зерттеу еңбегінде XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің даму сипатына мынадай баға береді: «Бұл дәуірдегі алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлері – ағартушы, жазушы, тілші, ойшыл және саясатшы болған Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов. Бұл кезеңдегі ақын-жазушылар қазақ халқын надандықтан құтқаруға, мәдениетті, білімді болуға, Ресей үстедігіне қарсы шығуға, халықтың бірлігін сақтауға шақырды. Әсіресе олар шығармаларында қазақтың өткен тарихының ғажайып кезеңдерін, тұрмыстарының шалқыған бақытты дәурендері мен әсем табиғат сұлулықтарын шабыттана жырлады. Бұл дәуірдегі әдебиетте А. Байтұрсынов пен М. Дулатов т.с.с. бір топ ақын-жазушылар өсіп жетілді. Бұрыннан келе жатқан жазушылар да сол заман талабына сай еңбектер жазды.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті қазақтардың ұлттық әдебиеті дәуірі деп аталады» деген тұжырым жасайды [4, 260-261 бб.]. Біздің көкейімізде сонда жыраулар поэзиясынан бастап, Махамбет, Абайлар жасаған үлкен әдеби мұра ұлттық емес болғаны ма деген де сауал туындайды. Оның үстіне қазақтардың ұлттық әдебиеті оларды орыстар отарлағанға дейін, тәуелсіз ел болып тұрғанда болмағанда қашан болуы мүмкін. Бірақ Ф. Тамирдің бұл пікірінің қазақ ғалымдарының ой-тұжырымдарымен сәйкес келе бермейтінін де атап айтқанымыз орынды. Ғалым бұл жерде қазақ қаламгерлерінің азаттықты аңсаған шығармаларының, яғни орыс отаршылдығына қарсы ой-пікірлердің баспасөз беттерінде жиі көрініс беруіне байланысты осылай атаса керек. Біздің қолымызда бар жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің даму бағыттары мен қалыптасу кезеңдерін сипаттайтын соңғы жылдары жарық көрген (Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан кейінгі кезеңдегі) «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» [5, 455 б.] және Ө. Әбдіманұлының «XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті» [6, 430 б.] деген еңбектерден дәл Ф. Тамир көрсеткендей анықтаманы кездестіре алмадық.

Ф. Тамир өзінің «Күнге ұшқан сұңқар» деген көлемді еңбегінің «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті» деген бөлімінде: «Совет дәуірі ақын және жазушылардың бір тобын XX ғасыр басындағы ұлттық ояну кезінде өсіп жетілген және шығармаларын осы кезде жазған тұлғалар еді. Бұлар Совет дәуірінде сол Совет идеологиясына сай болуға мәжбүр болды.

еңбектерін әрдайым жиі аударып, насихаттап отырады. Себебі ол біздің жалпы түріктік мемлекеттік идеологиямызбен сәйкес келеді, екіншіден қазақ әдебиетінде бүгінде кең етек алып отырған космополиттік көзқарас деген ұғым түрік әдебиетінде жоқтың қасы. Өйткені Түркияның мемлекеттік саясатының өзі ұлттық дәстүрлерді жетілдіруге, барлық нәрсеге тек ұлттық мүдде тұрғысынан қарауға бағытталған. Ал бұл жағынан қазақ әдебиетінде кереғар көзқарастардың тым күшті екендігін де жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан да жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті туралы сөз болғанда біздің ойымызға бірінші болып Ахмет Байтұрсынұлы, Шәкәрім Құдайбердиев, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаевтар оралады. Түрік әдебиеттанушысы Ферхат Тамир де сол ыңғаймен өзінің зерттеу еңбегінде XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің даму сипатына мынадай баға береді: «Бұл дәуірдегі алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлері – ағартушы, жазушы, тілші, ойшыл және саясатшы болған Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов. Бұл кезеңдегі ақын-жазушылар қазақ халқын надандықтан құтқаруға, мәдениетті, білімді болуға, Ресей үстедігіне қарсы шығуға, халықтың бірлігін сақтауға шақырды. Әсіресе олар шығармаларында қазақтың өткен тарихының ғажайып кезеңдерін, тұрмыстарының шалқыған бақытты дәурендері мен әсем табиғат сұлулықтарын шабыттана жырлады. Бұл дәуірдегі әдебиетте А. Байтұрсынов пен М. Дулатов т.с.с. бір топ ақын-жазушылар өсіп жетілді. Бұрыннан келе жатқан жазушылар да сол заман талабына сай еңбектер жазды.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті қазақтардың ұлттық әдебиеті дәуірі деп аталады» деген тұжырым жасайды [4, 260-261 бб.]. Біздің көкейімізде сонда жыраулар поэзиясынан бастап, Махамбет, Абайлар жасаған үлкен әдеби мұра ұлттық емес болғаны ма деген де сауал туындайды. Оның үстіне қазақтардың ұлттық әдебиеті оларды орыстар отарлағанға дейін, тәуелсіз ел болып тұрғанда болмағанда қашан болуы мүмкін. Бірақ Ф. Тамирдің бұл пікірінің қазақ ғалымдарының ой-тұжырымдарымен сәйкес келе бермейтінін де атап айтқанымыз орынды. Ғалым бұл жерде қазақ қаламгерлерінің азаттықты аңсаған шығармаларының, яғни орыс отаршылдығына қарсы ой-пікірлердің баспасөз беттерінде жиі көрініс беруіне байланысты осылай атаса керек. Біздің қолымызда бар жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің даму бағыттары мен қалыптасу кезеңдерін сипаттайтын соңғы жылдары жарық көрген (Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан кейінгі кезеңдегі) «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» [5, 455 б.] және Ө. Әбдіманұлының «XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті» [6, 430 б.] деген еңбектерден дәл Ф. Тамир көрсеткендей анықтаманы кездестіре алмадық.

Ф. Тамир өзінің «Күнге ұшқан сұңқар» деген көлемді еңбегінің «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті» деген бөлімінде: «Совет дәуірі ақын және жазушылардың бір тобын XX ғасыр басындағы ұлттық ояну кезінде өсіп жетілген және шығармаларын осы кезде жазған тұлғалар еді. Бұлар Совет дәуірінде сол Совет идеологиясына сай болуға мәжбүр болды.

Бұл дәуірде Совет идеологиясын насихаттаған, Совет дәуірінен бұрынғы дәуірді және құндылықтарды жамандаған, қазақ халқының ұжымдасуға (коллективтендіру) өтуін суреттеген және оны мақтап, марапаттаған тап тартысын негізге алған шығармалар көптеп жазылды. Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде және соғыстан кейін бұл тақырыптарға басқыншы жаудан елді қорғау (бүкіл Совет Одағының жерін), сол соғыста халықтың және жұмысшылардың көрсеткен ерен ерліктері мен күш-жігерін дәріптеу қосылды. Әсіресе мұндай идеялық ұстанымдар орыс тілінен қазақ тіліне аударылған шығармаларда басым болды.

Бұл дәуірдің ең басты ақын-жазушылары- Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ілияс Жансүгіров, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Қалқаман Әбдіқадырұлы және Ғали Ормановтар болды» деп жазады [4, 275 б.].

Қазақ жазба әдебиетінің даму, қалыптасу кезеңдері туралы жазылған Мұстафа Айгүлдің «ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ жазба әдебиетінің жалпы ерекшеліктері» деген мақаласында да түрік зерттеушісі тың пікірлер айтып, соны тұжырымдар жасайды. Ол қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуын жеті түрлі сипатын атап көрсетеді.

«1) Қазақ проза жанрының қалыптасуының бастапқы кезеңінде барлық жанрлардың сипаттары көбіне бір бірімен араласып келетіндігімен ерекшеленді. Бірақ соған қарамастан қысқа уақыт ішінде жекелеген жанрлар өзіндік сипатымен ерекшелене бастады.

2) Бұл тұста жаңа жанрлық ерекшеліктер айқындып, тың тақырыптар көрініс бере бастағанымен, әлі ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ара жігі толықтай ажырай қоймаған болатын.

3) Қазақ жазба әдебиетінде әңгіме жанрының алғашқы үлгісі 1879 жылы жарияланған Ы. Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясындағы» «Қыпшақ Сейіткүл» деген әңгімесі болатын. Қазақ классикалық әңгімесінің дамуы да осы кезеңнен басталады.

4) Қазақ роман жанрының алғашқы үлгісі М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» шығармасы болып табылады. Қазақ әдебиетінде осы шығарманың сарынымен жазылған көптеген туындыларды кездестіруге болады. Бұлардың бәрінде де поэзия мен проза тілі араласып келеді және бәріне әйел теңдігі туралы тақырып ортақтығы тән.

5) Қазақ жазба әдебиетінде драма аударма арқылы дамыған. Оның алғашқы үлгісі Айқап журналында жарияланған «Манап» драмасы болып саналады. «Манап» драмасының авторы орыс болатын, орысша жазылғанына қарамастан оқиға Қазақстанның Алматы қаласында өтеді, кейіпкерлері қазақтар еді. Бұл драма туралы жазылған сын пікірлерден кейін қазақ

әдебиетінде драмалық шығармалар көптеп жазылып, жанр ретінде дамып, өркендей бастады.

6) Қазақ өлеңі Абай арқылы тың тақырыпқа, өзгеше көркем тіл мен стильге, жаңа өлшемдерге, құрылымдық жағынан соны ерекшеліктерге қол жеткізгені белгілі. Бұл жаңа өлшемдерді одан кейін шеберлікпен дамытқандар Мағжан Жұмабаев пен Сұлтанмахмұт Торайғыровтар болды.

7) Әр түрлі көзқарастағы жазушылар мен публицистер тарпынан қолға алынған сынның дамуы да қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуына үлкен әсер етті» [1, 63 б.].

Жалпы қазақ әдебиетін зерттеуші түрік ғалымдарының кез келген ой пікірі қазақ ғалымдарының бұрыннан қалыптасқан пікірлерімен үндес келеді. Кез келген түрік ғалымының қазақ әдебиеті туралы зерттеу еңбегін оқи отырып оның қазақ әдебиетінің сол саласымен қазақ зерттеушілері еңбектері арқылы танысқандығын аңғарамыз. Бұл солай болуға тиіс құбылыс. Өйткені ол алғашқы және негізгі дерек көзі болып саналады.

Ал енді XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті туралы зерттеу жүргізіп жүрген түрік әдебиеттанушылары да кейде бір сөз арасында айтылған жекелеген тұжырымдары болмаса негізінен сол қазақ әдебиеттанушылары жазып кеткен тұжырымдарға ден қояды. Сонан да болар қазақ әдебиетінің осы кезеңі туралы түрік тілінде көлемді еңбек жазған Ферхат Тамир да қазақ зерттеушілерінің зерттеулері мен ғылыми тұжырымдарын басты нысана етіп ұстанған. Сондықтан да ол XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің өкілдерін сөз еткенде бірінші Мәшһүр Жүсіп Көпеевтен бастайды. Оның қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегін қысқаша ғана тұжырып, атап өтеді. «Орта жүздің Арғын руынан. Ақмола уәлаятының Баянауыл ауылында туған. Жас кезінде медреседе оқып білім алған. Бұхара медреселерінің бірінде оқыған және ауыз әдебиеті үлгілерін жатқа айтып өскен» [4, 11 б.] деген сипатта баяндайды.

Негізінен біздің түрік зерттеушілері ақын-жазушылардың шығармашылығын зерттегенде олардың туған жылдарына көбірек мән береді. Оны Түркиядан басылып шыққан көптеген жинақтар мен кітаптардан да байқауға болады. Ферхат Тамирдің де сол дәстүрден ауытқымағанын аңғарамыз. Бұл кітапта келесі сөз болатын ақын – Шәкәрім Құдайбердиев. Бұл қаламгердің де ақталып, қазақ әдебиетінің қатарына қосылғанына он бес-он сегіз жылдай ғана уақыт болды. Онан бұрынғы кезеңде Шәкәрім шығармалары жарты ғасырдай коммунистік қоғамның құсауында қамауда болды. Оны бірнеше ұрпақ білмей өсті, оның әсем де ойлы шығармаларынан нәр алмай ер жетті. Түрікше шыққан қазақ ақын-жазушыларының антологиясында ақынның он тоғыз шумақ өлеңі мен өмірбаяны және басқа шығармалары туралы мәліметтер бар. Ферхат Тамир де Ш. Құдайбердиев туралы қысқаша деректерді түрік тілінде жариялаған болатын [4, 260-262 бб.]. Анкарадан

2002 жылы шыққан «Түрік дүниесі әдебиеті» деген еңбекте де Шәкәрім шығармашылығына біраз орын берілген. Онда ақынның өмірі туралы қазақ әдебиетіндегі деректер молынан пайдаланылып, оның «Адамдық борышың», «Жаз келер» деген өлеңдерінің мазмұны мен көркемдік деңгейі туралы талдаулар жасалған [7, 76-79 бб.].

Қазақ әдебиеттануы мен тіл білімінің қалыптасуы мен дамуына орасан зор үлес қосқан ағартушы ғалым – Ахмет Байтұрсынов. Оның да халқы мен ұлты алдындағы өлшеусіз еңбектері кеңес өкіметі тұсында жарыққа шықпай қараңғы қапаста ұсталды. Ұлтын сүйген үлкен жүректі азаматтың ақталып, халқымен қайта табысуы оның сан салалы еңбегінің мәні мен маңызын арттыра түсті. Ол тек қазақ халқының ғана емес күллі түркі жұртының қамын жеген біртуар тұлға. Оның қазақ халқының өз автономиясы үшін күресуі, қазақтардың 1929 жылы өздері пайдаланып келе жатқан араб харіпінде қалуы үшін атқарған қызметі алабөтен. Оның мұрасы бүгінде тек қана қазақ тілінде ғана емес түрік тілінде де зерттелуде. 1965 жылы Францияда Зеки Велиди Тоганның «Қазақ әдебиеті» деген мақаласының жарық көргенін көпшілік біле қоймас. Сол мақалада Ахмет Байтұрсынов туралы шағын дерек берілген. Ол мақала кейін Өзкан Гүнгөрдін түрікшеге тәржімалауымен «Түрік лекшелері ве едебиеті дергиси» деген журналдың 1996 жылғы №5 жарияланған болатын. Онда «А. Байтұрсын 1873 жылы Торғай уәлайатының Сатүбек ауылында дүниеге келген. Орынбордағы қазақ-қырғыз мектебінде оқыды. 1905 жылы түрмеге қамалды. 1913 жылы А. Байтұрсын мен М. Дулатов екеуі «Қазақ» газетін шығарды. Алаш партиясының идеологиясына басшылық етті. А. Байтұрсын көрнекті ақын және білімдар ғалым еді», - деген қысқа мәліметтерді кездестіруге болады. [8, 52 б.]. Ол кезде кеңестік Қазақстанда мұндай деректі ұшырату мүмкін емес еді Одан кейінгі кезеңде де А. Байтұрсыновтың өзі аталмаса да еңбектері қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарында жанама түрде болса да оқытылып келді. Ашур Өздемирдің Қазақстандағы рухани қозғалыстарға арналған зерттеуінде де Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығына жоғары баға берілген [9,17]. Ферхат Тамир «Гаспралы Исмайл мырза және оның қазақ зиялыларына әсері» деген мақаласында да «Ахмет Байтұрсынұлы ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Орысша сауатын ашқан. Ағартушы, ақын, публицист, әдебиет тарихшысы, ғалым және мемлекет қайраткері. Ол қазақ халқының араб харіпінде оқуын И. Гаспринскийдің әдістемесі негізінде қайта жасап шыққан» дейді [10, 415 б.].

Есімі ылғи да Ахмет Байтұрсынұлымен қатар аталатын қазақтың талантты қаламгері және ұлтшыл күрескері – Міржақып Дулатов. Міржақып түрік әдебиеттануында көп зерттелген қаламгер. Оның бұлайша түрік әдебиеттанушыларының назарын аударуы негізінен ұлтшылдық көзқараста болуы ғана емес пантюркистік бағытты ұстанғанынан да болуы керек. Себебі Ферхат Тамир өзінің «Гаспралы Исмайл мырза және оның қазақ зиялыларына әсері» деген мақаласында пантюркистік ағымды қолдаған және

оған үн қосқан қазақ зиялысы ретінде бірінші Міржақып Дулатовтың атын атайды [10, 409 б.]. Онда негізінен қаламгердің өмір жолы мен саяси шығармалары кеңінен сөз болады.

Ол «Оян, Қазақ!» деп елінің ертеңін жас кезінен-ақ ойлаған, халқын азаттық көтеріліске бастаған көсемдердің бірі болды. Ол өзі сүйген ұлтының жарқын болашағын күллі бауырлас түркі жұртымен бірлікте, татулықта ғана іске асыруға болатынын ерте түсінген еді. Сондықтан да түрікшіл ғалымдар И. Гаспаралы, Ж. Ақшора тағы басқалармен идеялас болды. Олардың ой-пікірлерімен ерте жастан-ақ таныс болды. Түрік ғалымы қазақ жазушысы туралы деректерді қысқа да тұжырымды етіп жеткізуге тырысқан. Ал одан кейінгі жолдарда ақынның шығармашылығына тоқталады. Негізгі еңбектерінің басылған жылдары мен олардың маңызы туралы ойын былайша тұжырымдайды: «Еңбектерін пайдалануға 1928 жылдан 1991 жылға дейін тыйым салынған. Шығармалары: «Оян қазақ» (Уфа, 1909); алғашқы өлең кітабы болып саналады. Қазақтар арасында үлкен толқу тудырып, аз уақыттың ішінде екі рет басылып шыққан. Бұл шығармаларындағы ой-пікірлер қазақтардан басқа түркі халықтары татар, башқұрт, өзбек, қырғыз, ұйғырларға да қатты ықпал етті. «Бақытсыз Жамал» (1910 Қазан) қазақ әдебиетіндегі алғашқы роман болып саналады» деп ұлтын сүйген ақын туралы тебірене жазады [10, 265 б.].

Міржақып туралы түрік тілінде жазылған көлемді еңбектің бірі Қожа Ахмет Иассауи атындағы қазақ түрік университетінің ұстазы профессор Ашур Өздемирдің «Қазақ түркілерінің ұлы жазушысы Міржақып Дулатов» деген еңбегі. Бір баспа табақ көлемінде болатын зерттеу еңбекте жалынды публицист, талантты ақын, шебер жазушының қаламгерлік еңбектері әр қырынан жан-жақты талданған. Мақала авторы М. Дулатов өміріне тоқтала келіп: «Міржақып саяси күрескерлігінің алғашқы дәрістерін А. Байтұрсынұлы мен Ә. Бөкейханұлынан алды. Бұл Омбы мен Қарқаралыда өткен жылдарының осы жас отансүйгіш жігітке берген үлкен сыйы, тәжірибесі еді» дейді [11, 162 б.]. Одан әрі қарай А. Өздемир ақынның «Оян, қазақ!» өлеңінің сол кездегі қазақ сахарасындағы қоғамдық санаға әсер етуі мен көркемдік сипаты туралы толғанады. Оның күрескерлік өмірінің үлгі етер тұстарына ерекше тоқтала келіп 1935 жылы Ақ теңіз жағасында тұтқында қайтыс болғанын да өкінішпен еске алады.

Түрік зерттеушісі осы мақаласында қазақ өлеңінің жаңа дәстүрін қалыптастырған Абай болса, алғашқы қазақ романын дүниеге әкелген М. Дулатов деп салыстырады. «Бақытсыз Жамал негізінен көлемі жағынан роман өлшеміне келіңкіремейді. Шығарма елу беттік бір ұзақ әңгіменің сипатында көрінеді. Бірақ өлшемі қысқа болғанына қарамастан бұл шығарманың тақырыбы өте ауқымды. Романнан алдымен қырды жайлаған қазақ елін көреміз. Жазушы сол кең даланың үлкен суретін бере отырып, сол жердегі үлкенді-кішілі ауыл адамдары мен жалпы әлеуметтің реалистік хал -

ахуалын, өмірін көз алдымызға әкеледі» деп жазады [11, 165 б.]. Ғалым Міржақып өлеңдерінің тақырып аясын, идеялық мәні мен көркемдік сипатын, ақындық шеберлігін де барынша тереңдей алуға тырысқан.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті өкілдерінің ішінде түрік жұртына ең танымалысы – Мағжан Жұмабаев. Оның да кезінде пантюркизм мен ұлтшылдық идеяларға ден қойып, шығармаларында сол идеяларды кеңінен насихаттағанын қазақ оқырмандары жақсы біледі. Ол өзінің түркілік тегін, одан әрідегі ғұн дәуірінен бері қарайғы тарихын жоғары пафоста жырлаған ұлтшыл ақын. Сонымен қатар ақынның шығармалары жалпы түркі әлеміне ертерек танылған. Оны тек қазақтар ғана емес күллі түркі жұрты жаңашыл лирик ақын ретінде жақсы біледі. Оның шығармашылық мұрасы туралы қазақ әдебиеті туралы жазып жүрген барлық түрік авторлары қалам тартты десек артық айтқандық емес.

«1920 жылы жазған «Алыстағы бауырыма» деген өлеңі Түркиялық түріктерге арналған. Онда ол соғысып жатқан түріктердің қайғысына ортақ екендігін ашық білдіреді. Өлең мазмұнынан Түркиялық түріктер мен Қазақ түріктерін бауыр екендігін айқын аңғарасыз» [4, 269 б.].

Қазақ әдебиетінде Мағжанды ұлы Абайдан кейінгі екінші ақын ретінде таниды. Оның өлеңдеріндегі біресе асқақ үнмен оқылатын адуынды ырғақ, біресе жүректің қылын ақырын ғана шертіп отыратын нәзіктік оның расында да шын талант иесі екендігін аңғартады. Сондықтан да оны тек қазақтар ғана емес түрік ұлты да, басқа түркі тектес халықтар да сүйсініп оқиды. Мәселен Мағжан туралы жазылған барлық түркі тілдеріндегі зерттеу-мақалаларда оның «Түркістан» деген өлеңі түрік, татар, әзербайжан т.б. тілдерінде қайта-қайта жарияланып отырған. Оның мәнісі ақынның күллі түрік халықтары аңсап отырған көңіл түкпіріндегі шынайы арманды жеткізе алғанынан болса керек.

Мағжан жырларында түрікшілдік рухтың биік екенін қазақ ғалымдары да мойындайды. Белгілі қазақ ғалымы Д. Ысқақұлы «Қазақ елім, бір ауыз сөзім саған!» деген кітабында мынадай ой айтады: «Бір кездерде Мағжан көтерген түрік бірлігі идеясы – күні бүгінге дейін өзінің зәрулігін жоймай келе жатқан маңызды мәселе. Бұған Мағжанның осы өлеңіне деген көңілін білдіретін 80 жылдан кейін жазылған жауап хатты оқығанда көзіміз жетеді. «Алыстағы бауырыма» он екі шумақтан тұратын болса, түріктің белгілі қоғам қайраткері, Мағжантанушы Фейзуллах Будақ жазған «Мағжанға жауапта» қазақ ақыны көтерген мәселелерге он екі шумақпен нақтылы жауап берген» [12, 28 б.] деген дерек келтіреді. Бұл оның екі халықтың рухани жақындасуына қосқан үлкен үлесі. Ол осы өлеңімен-ақ бүтін түрік әдебиеті тарихында ақын болып қалады.

Жүсіпбек Аймауытов қазақ әдебиетіндегі өзгеше құбылыс. Оның шығармалары да жағарыда сөз еткен өз тұтастары секілді жарты ғасыр бойы құрсауда болды. Жүсіпбек Аймауытов туралы да түрік тілінде бірнеше зерттеу мақалалар жарық көрді. Солардың бірі Ашур Өздемирдің «Қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі – Жүсіпбек Аймауытұлы (1889-1931)» [13, 14 б.] деген мақаласы. Аталған еңбегінде ғалым XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси жағдайға тоқталады. Қазан төңкерісіне дейінгі патшалы Ресейдің қазақтарға жасаған қиянаты мен сол тұстағы қазақ зиялыларының халық қамы үшін жасаған әрекеттерін, Алаш партиясы мен оның ұлтты топтастыру жолындағы саяси ролін А. Өздемир жүйелі баяндап шығады. Одан әрі «Өмірі мен күресі» деген бөлімінде Жүсіпбектің дүниеге келгенінен бастап қайғылы қазаға ұшырауының себептерін де назардан тыс қалдырмаған. Одан кейінгі «Шығармасы мен тұлғасы» деген бөлімнің өзі «Романдары мен повестері», «Әңгімелері», «Драматургиясы» деген үш тақырыпшаға бөлініп берілген. Онда қаламгердің «Ақбілек», «Қартқожа» романдары мен «Күнікейдің жазығы» повесі және «Елес», «Емші», «Боранды болжағыш әулие» «Құдағи әңгімелері жан-жақты талданады. Оның «Күнікейдің жазығы» повесіндегі автордың образ жасау шеберлігі, шығарманың жанрлық ерекшелігі туралы айтқан пікірлері де шығарма табиғатын терең түсінгеннен туындаған ойлар деп ойлаймыз.

Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақтың өмірден өте ерте кеткен XX ғасырдың басындағы таланты аса ақыны. Бірақ оның жоғарыда аттары аталған қаламгерлерден ерекшелігі алашшыл, түрікшіл болса да кедей отбасынан шыққандығынан болар кеңес өкіметі тұсында да мектептер мен жоғары оқу орындарында оқылып, еңбектері толық дерлік зерттелген ақын. Ақын аз ғана өмір сүрсе де қазақ поэзиясын тақырыптық жағынан байытып, жанрлық тұрғыда өзіндік жаңалықтар енгізіп кетті. Ол туралы Түркиядан шыққан Ислам энциклопедиясында: «XX ғасырмен бірге қазақ әдебиеті барған сайын батыс еуропалық түрге жақындай түсті. Сұлтанмахмұт Торайғыров дәстүрлі шығысқа тән Орта Азиялық өлең түрінен әлеуметтік тақырыпқа бет бұрды. С.Торайғыров «Қамар сұлу» (1914) атты шығармасы арқылы қазақ әдебиетіне роман жанрын енгізген алғашқылардың бірі болды. Өлең мен қара сөзді араластыра пайдаланған осы шығармасынан басқа «Кім жазықты» (1914-1915) деген көлемді поэма жазып шықты», - деген пікір тұжырымдар бар [2, 133 б.]. Мұның өзі түрік әдебиеттанушыларының С.Торайғыров шығармашылығымен әжептеуір таныс екендігін аңғартса керек. Түрік тіліндегі Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы материалдарды «Басталғаннан бүгінгі күнімізге дейінгі түкия дүниесіндегі түрік әдебиеттері антологиясынан» және бегілі ғалым Ферхат Тамирдің зерттеу еңбектерінен кездестіруге болады.

Түрік тіліндегі қазақ әдебиеті туралы зерттек еңбектерде жиі кездесетін есімнің бірі – Мұхммеджан Сералин. Оның әдебиетшілік қана емес атқарған саяси әлеуметтік істері де түрік зерттеушілері тарапынан біршама зерттелген

дей аламыз. Жоғарыда аталған зерттеушілер тарапынан ол да талай рет зерттеу объектісіне айналған.

Ф.Тамир өзінің қазақ әдебиетіне арналған «Күнге ұшқан сұңқар» кітабында да Мұхаммеджан Сералин туралы салихалы ой айтып, оның қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесін атап көрсетеді. Онда: «Мұхаммеджан Сералин ақын, жазушы және баспа қызметкері. Еңбектері: қазақ әдебиеті үшін ең үлкен қызметі – «Айқап» журналын шығаруы болды. 1911-1915 жылдар арасында шыққан бұл журнал қазақтар шығарған алғашқы еуропалық журнал еді. Ол дәуірдегі қазақ зиялыларын және жастарын бірлестіріп, қазақ әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосты. Өзі де осы журналға көптеген мақалалар мен шығармаларын жариялаған» деген ойларын айтады [4, 263 б.].

Ғалымның жоғарыда аталған еңбегінде Спандияр Көбеевтің өмірі мен шығармашылығы да кеңінен сөз болады. Оның шығармаларын талдай келіп: «Қалың мал» романы туралы: «Бұл романның басқа әйел тақырыбына жазылған романдардан («Бақытсыз Жамал», «Қамар сұлу», «Гүлқашима») айырмашылығы қазақ қызының сүйген адамына қосылып, мұратына жетуі. Жазушы сол дәуірдің әлеуметтік тұрмыс жағдайын әр қырынан суреттейді» деген сияқты өзіндік пікірлерін де батыл білдіреді [4, 267 б.].

Ферхат Тамирдің «Күнге ұшқан сұңқар» кітабында Сәбит Дөнентаев, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафиндердің өмір тарихтары мен шығармашылықтары жүйелі сөз болады.

Қорыта айтқанда жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиеті өзінің сан салалы әлеуметтік-саяси сипатымен, жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ әдебиетіндегі алуан түрлі еуропалық тұпаттағы әдеби жанрлардың пайда болуымен, жарқ етіп көзге түскен алғашқы талантты кәсіби қазақ ақындарының, жазушы-драматургтерінің шұрайлы шығармаларымен есте қалады. Мұндай үлкен өзгерістер тек қазақ әдебиетіне ғана емес сол кездегі барлық түркі халықтарының әдебиеттеріне тән құбылыс. Орта Азиялық түркілер ғана емес Түркиялық түріктер мен бұлғар түріктері, кавказ түріктері әдебиеттері де дәл осы кезде өздерінің бастарынан еуропалану діуірін өткізгені рас. Бұл процесстің осы жиырмасыншы ғасырдың басында өте үлкен қарқынмен жүргені белгілі.

Сол кезеңде өмір сүрген қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбаларымен ерекшеленетін біз жоғарыда атын атаған қаламгерлерден басқа Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Ғаббас Тоғжанов, Жиенғали Тілепбергенов т.б. толып жатқан авторлардың аттарын атауымызға болады. Олардың да шығармалары мен өмірбаяндары түрік тіліне тәржімаланып, халыққа танылуда. Қазақ әдебиетімен арнайы айналысып, осы

салада еңбек етуді мақсат етіп қойған түріктің жас ғалымдары күн сайын демесек те айына бір қазақ әдебиетіне қатысты мақалалар мен зерттеу еңбектерді жазып, жариялауда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Aygül Mustafa. XIX yy'ın Sonu ve XX yy'ın Başındaki Kazak Yazılı Edebiyatının Genel Özellikleri // Türk Lehçeleri ve Edebiyatı Dergisi. Sayı, 1998, №19.
2. İslam Ansiklopedisi. Türkiye Diyanet Vakfı. – Ankara, 2002.
3. Özdemir Aşur. XX. Yüzyıl Başlarında Kazakistan'da Fikri ve Edebi Hareketler // Bilig, 1998, №7.
4. Tamir Ferhat. Kazak Edebiyatı // Güneşe Uçan Kartal. – Ankara: Tolkun, 2000.
5. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. Оқу құралы / Жалпы редакциясын басқарған Т. Кәкішұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.
6. Әбдіманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 430 б.
7. Türk Dünyası Edebiyatı. 11-12 Yüzyıl Türk Edebiyatı. – Ankara, 2002.
8. Kazak Edebiyatı // Türk Lehçeleri ve Edebiyatı Dergisi. №5. Subat, 1996.
9. Özdemir Aşur. XX. Yüzyıl Başlarında Kazakistan'da Fikri ve Edebi Hareketler // Bilig. Sayı, 1998, №7.
10. Tamir Ferhat. Gaspıralı İsmail Bey ve Kazak Aydınlarına Tesirleri // Kazak Türkleri Edebiyatı. Türk Dünyası El kitabı. 4. cilt. – Ankara, 1998. – 387 s.
11. Özdemir Aşur. Kazak Türkleri'nin Büyük Edibi Mirjakıp Dulatılı (1885-1935) // Bilig, 1996, №3.
12. Ысқақұлы Д. Қазақ елі бір ауыз сөзім саған! – Алматы: Қаз ақпарат, 2004. – 148 б.
13. Özdemir Aşur. Çağdaş Kazak Edebiyatının Kurucularından Jüsipbek (Yusufbek) Aymavıtlı (1889-1931) // Türk Lehçeleri ve Edebiyatı Dergisi, Sayı. 1996, №10.

Резюме

В статье освещены основные проблемы изучения творчества многих писателей и поэтов казахского народа начала XX века в турецком литературоведении. Многие турецкие литераторы занимаются изучением творчества казахских писателей, например Ферхат Тамир исследует творчество Ш.Кудайбердиева, Зеки Валиди, Озкан Гонгур - А.Байтурсынова, М.Дулатова, Фейзуллах Будак - М.Жумабаева. На турецкий язык были переведены произведения многих казахских деятелей литературы и науки.

Resume

The article is devoted to the basic problems of studying literary works of many Kazakh writers and poets at the beginning of the 20th century and to their reflection in Turkish literature. A lot of Turkish specialists in literature are studying the works of Kazakh writers such as Sh. Kudayberdiyev, Zeki Validi, Özkan Güngör – A. Baytursunov, Feyzullah Budak – M. Jumabayev etc. A lot of works of Kazakh people of art have been translated into Turkish language.

Özet

Bu makalede 20. yüzyılın başındaki Kazak yazar ve şairleri ve onların Türk edebiyatındaki yansımaları incelenmektedir. Pek çok Türk edebiyatçısı Sh. Kudayberdiyev, Zeki Validi, Özkan Güngör – A. Baytursunov, Feyzullah Budak – M. Jumabayev gibi Kazak yazarları ile ilgili çalışmalar yapmaktadır. Pek çok Kazak yazar ve şair Türkçe'ye çevrilmektedir.